

төрағасының есептерін тыңдау өткізілді. Бұл есептер сондай-ақ орындалған жұмыс, оның ішінде отандық өндірушілерді қолдау және шетелдік әріптестермен ынтымақтастық, сондай-ақ Қордың алдағы жоспарлары туралы ақпаратты қамтыды;

- Директорлар кеңесі Қор тобының ірі инвестициялық жобаларын іске асыру мониторингіне маңызды мән береді, бұл мәселені әрбір бетпе-бет отырыста ұдайы қарайды. Бұл тәсіл 44 ірі инвестициялық жобаның іске асырылу барысын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді және Қордың оларды сәтті аяқтағаны үшін жауапкершілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді;

- Қор ел, қоршаған орта және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді енгізуді жалғастыруда. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қор Қазақстан қор биржасы (KASE) ұйымдастырған Тұрақты даму бойынша есептер рейтингінде қатарынан екінші рет бірінші орынды иеленді. Қордың 2023 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №227 шешімімен бекітілген. Аталған есеп 2024 жылғы тамызда «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясының тәуелсіз куәландыруымен бірге Қордың веб-сайтында жарияланды;

- Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №235 шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметі туралы ережені өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-қимылдары туралы саясат ережелері оңтайландырылды, Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің нәтижелерін бағалау туралы ережелер енгізілді, ал Ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгі ережеге

сәйкес келтірілді. Комплаенс-функцияны автоматтандыру және цифрландыру мақсатында Қор тобында E-Compliance ақпараттық жүйесі әзірленіп, енгізілуде. E-Compliance функционалын одан әрі кеңейту шеңберінде мүдделер қақтығысын декларациялау және сыйлықтар қабылдау, санкциялық тәуекелдерді тексеру бойынша комплаенс негізгі процестерін автоматтандыру аяқталды, портфельдік компаниялардың комплаенс қызметтерінің есептілігін жинау модулі оңтайландырылды;

- Қор 2024 жылдың екінші жартыжылдығында Қордың Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің және Корпоративтік хатшы қызметінің (өзін-өзі бағалау форматында) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңдегі қызметіне бағалау жүргізді. Жалпы, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына оң баға беріп, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, көзқарасын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын толық түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескеретінін атап өтті.

Қор халықаралық стандарттарды қатаң сақтай отырып және өз қызметінде барынша ашықтықты қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқару жүйесін дамыту бойынша тұрақты негізде жұмыс істейді. Сондай-ақ, Қор Жалғыз акционермен әріптестік қатынастарды нығайтуға ерекше назар аударады және ұзақ мерзімді перспективада жоғары нәтижелер мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін белсенді түрде арттырады.

Бұл ақпарат тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына тұрақты берілгендікті және оларды Қор қызметінің барлық деңгейлерінде тиімді сақтауға ұмтылысты көрсетеді.

6-қосымша. Глоссарий

Қысқарту	Толық атауы
CGNPC	Қытай атом энергиясы жөніндегі бас корпорациясы
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization, пайыздарды, салықтарды, тозуын және пайдаланылуын шегергенге дейінгі компанияның пайдасы
EMS	Environmental, Social, and Corporate Governance, Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару
FAR	Fatal Accident Rate (Жазатайым оқиғалардан өлім-жітім коэффициенті)
GPON	Gigabit Passive Optical Network, гигабиттік оптикалық пассивті желі
GRI	Жаһандық есептілік бойынша бастамалар
HR	Human resources, қызметкерді басқару
HSE	Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы
IPO	Initial Public Offering, акцияларды бастапқы жария орналастыру
IR	Industrial relation, Өнеркәсіптік қатынастар
IT, AT	Ақпараттық технологиялар
KASE	Қазақстан қор биржасы
KPI	Kazakhstan Petrochemical Industries
LMS	Оқытуды басқару жүйесі
LTE	Long-Term Evolution, ұялы телефондарға және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған сымсыз жоғары жылдамдықты деректер беру стандарты
LTIF	Lost Time Injury Frequency (Жұмыс уақытының жоғалуымен жарақат алу жиілігі)
MBA	Master of Business Administration, Іскерлік әкімшілендіру магистрі
PRMS	Petroleum Resources Management System
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» Акционерлік қоғамы
QazaqGaz	«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
SPO	Secondary Public Offering бар акционерлерге тиесілі акцияларын жария орналастыру
SRS	Samruk Research Services
U3O8	Табиғи уран концентраты (триуран октоксиді)
АГТС	Автоматтандырылған газ тарату станциясы
АБИ	Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АМӨЗ	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
АХҚО	«Астана» Халықаралық қаржы орталығы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
АЭС	Атом электр станциясы
БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БӘӨ тізілімі	Білікті әлеуетті өнім берушілердің тізілімі
БГҚ	Бу-газ қондырғысы
Бірл.	Бірлік
БК	Бірлескен кәсіпорын
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БЭЖ	Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ГБК	Газ бөлу кешені
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория

Қысқарту	Толық атауы
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ҒЗТҚЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ДК	Директорлар кеңесі
ЕКҚЖ	Еңбек және кәсіби қауіпсіздік жүйесі (Occupational Health and Safety Management System)
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЕМГ, «Ембімұнайгаз» АҚ	«Ембімұнайгаз» Акционерлік қоғамы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
ЖБЖ	Жылу бөлетін жинақтар
ЖГЗ	Жер қойнауын Геологиялық Зерттеу
ЖФЭ	жиырма фут эквиваленті
жкм	Жолаушы-километр
ЖҚ	Жергілікті қамту
ЖӨБ	Желілік өндірістік басқару
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	Жел электр станциясы
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ИКҚ	Интернетке кең жолақты қол жетімділік
кВт*сағ	Киловатт-сағат
КҚК	Каспий құбыр консорциумы
км	километр
КО	Корпоративтік орталық
«КЭАҚҚ РОШ» ЖШС	«Кәсіби әскерилендірілген апаттық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Компаниялар, Қордың портфельдік компаниялары, ПК	Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалар
КС	Компрессорлық станциялар
КЭС	Күн электр станциясы
KEGOC, «KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
ҚАЕС	«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС
Қазақтелком, «Қазақтелеком» АҚ	«Қазақтелеком» Акционерлік қоғамы
Қазпошта, АҚ «Қазпошта»	«Қазпошта» акционерлік қоғамы
ҚАП, АҚ «ҰАК «Қазатомпром»	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіші
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ҚОМС	Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау
Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы
ҚПО	Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚС	Қосалқы станция
ҚТЖ	«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
ҚТӨ тізілімі	Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ҚЭМБИ	Қазақстан экономика менеджменті және болжау институты

Қысқарту	Толық атауы
МВт	Мегаватт
МГ	Магистральдық газ құбыры
МГБ	Магистральдық газ құбырлары басқармасы
МГц	Мегагерц
млн	Миллион
млрд	Миллиард
ММГ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	«Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
Мың.	Мың
ОА	Орталық Азия
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
ПҚОП	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
ПМХЗ	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
РФ	Ресей Федерациясы
«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» Акционерлік қоғам
САҚҰ	Солтүстік Атлантикалық Келісімшарт Ұйымы
СКО	Солтүстік Қазақстан облысы
СКС	Сатып алу категориясының стратегиясы
СҚИ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	«Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ССБ	Сатып алуды санатты басқару
СЭС	Су электр станциясы
т.	тармақша
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» Акционерлік қоғам
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер
ТК	Тұрғын үй кешені
ткм	Тонна-километр
ТҚЖ	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
Топ	Қор, компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, 0.5-тен астам дауыс беретін акциялар
трлн	триллион
ТШО, «Теңізшевройл» ЖШС	«Теңізшевройл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ТХКБ	Транскаспий халықаралық көлік бағыты
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ҰЭЖ	Ұлттық электр желісі
ЦАТ	Циклдік ағын технологиясы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ЕМАЭС-2, «ЕМАЭС-2» АҚ, «Екібастұз МАЭС-2» АҚ	«Екібастұз МАЭС-2» Акционерлік қоғамы
«Эйр Астана» АҚ, Air Astana	«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі